

Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті

2026–2027 оқу жылына арналған Қабылдау емтиханына арналған эссе тақырыптары

Эссеге қойылатын жалпы талаптар

Эссенің көлемі 1500–2500 сөзді құрауы тиіс. Эсседе нақты тұжырымдалған тезис, ғылыми тұрғыдан негізделген дәйекті ұстаным қамтылып, ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы контекстін, соның ішінде жаһандану, цифрландыру үдерістерін және музыканы (өнерді) қабылдау тәсілдерінің трансформациясын түсінетіндігін көрсетуі қажет.

Ұсынылған мәселе бойынша автордың өзіндік, оның ішінде пікірталастық сипаттағы көзқарасын еркін түрде тұжырымдау құпталады, алайда мұндай ұстаным нанымды ғылыми дәлелдермен негізделуі тиіс.

1. Жасанды интеллект дәуіріндегі музыкатану (өнертану): партитураны талдаудан алгоритмді талдауға дейін

Жасанды интеллект жүйелері өнер туындыларын жасап, талдайтын жағдайда музыкатану (өнертану) зерттеулерінің пәні мен әдіснамасының қалай өзгередіні жөнінде.

2. Жаһандық цифрлық кеңістіктегі қазақтың дәстүрлі музыкасы (мәдениеті): ұлттық бірегейліктің сақталуы ма, әлде оның жойылуы ма?

Мәдени мұраның түпнұсқалылығы (аутенттілігі) мен жаһандық стримингтік платформалардың жұмыс логикасының арақатынасы.

3. «Клиптік ойлау» және музыкалық форманың трансформациясы: симфониядан ұзақтығы 15 секундтық трекке дейін

Қысқа бейнеформаттардың (TikTok, Reels) музыкалық шығарманың драматургиясы мен қабылдануына ықпалы.

4. Цифрлық тіркеу дәуіріндегі ауызша дәстүрдің кәсібилігі: материалдық емес мәдени мұраны нотаға түсірудің парадокстары

Жанды орындаушылық дәстүрді тұрақты цифрлық және ноталық форматтарға көшіру мәселесі.

5. Генеративті музыка және авторлық мәселесі: ХХІ ғасырдағы «композитор» ұғымын қайта пайымдау

Жасанды интеллекттің қатысуымен музыкалық шығармаларды жасаудың философиялық-эстетикалық және құқықтық аспектілері.

6. Этномузыкатану және алгоритм: машиналық оқыту құрылымды ғана емес, мағынаны да тани ала ма?

Контекстік мазмұны терең дәстүрлі музыканы зерттеу барысында компьютерлік талдау әдістерінің шектеулері.

7. Орталық Азия музыкасын (мәдениетін) зерттеудегі постколониалдық көзқарас: музыкатану канонын деколонизациялау

Дәстүрлі мәдениеттерді зерттеуде батысцентрилік әдіснамаларды қайта қарастыру.

8. Музыка – soft power құралы ретінде: Қазақстанның мәдени дипломатиясы академиялық және дәстүрлі музыка призмасы арқылы

Елдің халықаралық мәдени имиджін қалыптастырудағы өнертанулық зерттеулердің рөлі.

9. Партитурадан деректер жиынтығына (dataset) дейін: цифрлық гуманитарлық ғылымдар және музыкалық деректану саласының болашағы

Музыкалық мұраны зерттеуде Big Data технологиялары мен корпуслық әдістерді қолданудың мүмкіндіктері мен тәуекелдері.

10. Тыңдарман (көрермен) – бірлескен автор ретінде: заманауи музыкалық тәжірибедегі интерактивтілік, дербестендіру және алгоритмдік ұсынымдар

Стримингтік сервистердің ұсынымдық жүйелері музыканы (фильмді, спектакльді, картинаны және т.б.) тұтыну тәсілін ғана емес, оны жасау үдерісін де қалай өзгертеді.

11. Аутенттілік және материалдық емес мәдени мұра: институционалдандыру жағдайында ауызша дәстүрді сақтау мәселесі

ЮНЕСКО мәртебесі, музейлік консервация және тірі орындаушылық дәстүрдің табиғи өзгергіштігі арасындағы арақатынас.

12. «Композитор өлді» ме? Музыкалық шығарманың авторын енді бірімәнді түрде шығарма иесі деп тану мүмкін болмаған жағдайда музыкатану ғылымында не өзгереді?

Партитураны талдаудан алгоритмді талдауға дейін: жасанды интеллект дәуірінде музыка туралы ғылымның зерттеу пәні өзгере ме?

13. Ноталық жазба – дәстүрге жасалған қысым ба?

Табиғаты бойынша үнемі өзгеріп, тірі күйінде сақталуға тиіс дәстүрді бекітіп, нотаға түсірудің парадоксы.

14. Музыка мемлекеттің қызметінде: мәдени дипломатия мен өнерді құралға айналдырудың ара-жігі қайда?

Академиялық және дәстүрлі музыка арқылы жүзеге асатын soft power: ғылым үшін игілік пе, әлде оны саясатқа бағындыру ма?

15. Тыңдарман – бірлескен автор ма, әлде алгоритмнің қуыршағы ма? Ұсынымдық жүйелер дәуірінде музыкалық таңдауды шын мәнінде кім басқарады?

Стримингтік сервистердегі дербестендіру: еркіндіктің кеңеюі ме, әлде оның елесі ме?

16. «Түпнұсқа» күй ме, әлде музей экспонаты ма? ЮНЕСКО мәртебесі қорғауға тиіс тірі дәстүрдің табиғи дамуына кедергі келтіре ме?

Материалдық емес мәдени мұраны институционалдандыру мен ауызша дәстүрдің табиғи өзгергіштігі арасындағы қайшылық.

Эссені бағалау критерийлері

Бағалау критерийі	Бағалау мазмұны
Тезистің нақтылығы мен бірегейлігі	Ұсынылған мәселе бойынша нақты тұжырымдалған, зерттеушілік сипаттағы авторлық ұстанымның болуы
Дәлелдеме мен логикалық жүйелілік	Ойдың бірізді дамуы, қарсы уәждерді ескеруі және қорытындылардың ғылыми негізділігі
Әдіснаманы меңгеруі	Өнертанудың (музыкатану, этномузыкатану, театртану, кинотану және сабақтас ғылымдар) тиісті ғылыми-әдіснамалық аппаратын меңгеруі
Дереккөздермен жұмыс	Ғылыми әдебиеттерге сүйенуі, дереккөздерге дұрыс сілтеме жасауы және оларды сыни тұрғыдан талдай білуі
Өзектілігі және ғылыми әлеуеті	Тақырыптың қазіргі ғылыми контекспен байланысы және оның болашақ диссертациялық зерттеу үшін перспективалылығы
Тіл және баяндау стилі	Academic writing талаптарына сәйкестігі: тұжырымдардың дәлдігі, ғылыми терминологияны сауатты қолдануы және мәтін құрылымының айқындығы